

18. Kradin N. N., Skrynnikova T. D. *The Empire of Genghis Khan*. – Moscow: Eastern Literature, 2006. – 558 p. [in Russian]
19. B. Ayagan. *History of the Ulus of the Golden Horde: Lecture Collection*. – Almaty: Litera-M, 2020. – 216 p. [in Kazakh]
20. Shamshidenova F. “Toponyms in the Secret History of the Mongols: In the Context of Historical Geography.” // *Bulletin of Abai KazNPU, “Historical and Socio-Political Sciences” series*, №2 (85), 2025. – P. 268–279. [in Kazakh]
21. Ayagan B.G. *On the history of the translation of "The secret history of the mongols" by S.A. Kozin* // *Otan tarikhy*. 2025. Vol. 28. No. 3. Pp. 563-572. [in English]

МРНТИ/FTAXP/IRSTI 03.81.37

УДК/ӘӨЖ /UDC 973 (94)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.025>

О. Х. Мұхатова<sup>ID\*1</sup>, Д.Б. Қасымова<sup>ID2</sup>

<sup>1</sup> тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы,  
E-mail: [Orazgul7@rambler.ru](mailto:Orazgul7@rambler.ru)  
<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>

<sup>2</sup> тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы,  
E-mail: [didarkassymova87@gmail.com](mailto:didarkassymova87@gmail.com)  
<https://orcid.org/0000-0001-8521-9818>

## ШЕТЕЛДІК ӘДЕБИЕТТЕГІ СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада шетелдік ғылыми әдебиетте советтік Қазақстан тарихының жекелеген мәселелерінің көрініс табуы көрсетіледі. Тақырып – «шетелдік зерттеушілердің тұжырымдары бұрмаланған, олар тарихи шындықпен үйлеспейді» деген көзқарасты қайта сын тезінен өткізу тұрғысында өзекті. Тарихнамалық шолу советтік Қазақстан тарихы мәселелерінің өткен ғасырдың орта кезінен бастап күні бүгінге дейін шетелдік зерттеушілердің назарында болып келгендігін дәлелдейді. Шетелдік әдебиетте өлкеде қазан революциясының орнатылуы және одан кейінгі кезеңдердегі советтік қайта құрулар, 1931–1933 ашаршылық, тың игерудің республика экономикасына ықпалы мәселелерін қарастыруға басымдылық берілген. Қазақстандық ғылымда советтік Қазақстан тарихының шетелдік тарихнамасы талданған кешенді зерттеу орын алмаған, өйткені тәуелсіздік алғанға дейінгі уақыттарда «фальсификаторлардың» еңбектерін талдауға тиым салынған. *Зерттеудің мақсаты* XX–XXI алғашқы ширегіндегі советтік Қазақстан тарихын шетелдік зерттеушілердің қарастыруын, тұжырымдарын, ғылыми еңбектердің өзіндік ерекшеліктерін айқындау; методологиялық ұстанымдарын және зерттеу бағыттарын айқындау; еңбектердің ғылыми маңызы мен кемшіліктерін көрсету болып табылады. Мақалада XX–XXI алғашқы ширегіндегі советтік Қазақстан тарихы мәселелерінің шетелдік тарихнамасына шолу жасалды. Ондаған жылдар бойы шетелдік ғалымдардың еңбектері отандық тарихшылар үшін беймәлім болып келді. Олардың зерттеу бағыттарынан, ұстанымдарынан қазақстандық тарихшылар тарихты зерттеудің дүниежүзілік ғылыми үдерісінен қол үзген еді. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін тарихшыларға советтік Қазақстан тарихын зерттеуде балама ой-пікірлермен танысу мүмкіндігі туды. Шетелдік зерттеушілер советтік Қазақстан

тарихын арнайы зерделемесе де жекелеген мәселелерін қарастырды. Тарихи деректерді талдау нәтижесінде шетелдік зерттеушілер өзіндік тұжырымдар жасады. Түйінделген тұжырымдарының арасында тарихи шындықпен үйлесетіндері де, орын алған тарихи оқиғалар мен үдерістерге сәйкес келмейтіндері де бар.

Отандық тарих ғылымында советтік Қазақстан тарихының шетелдік тарихнамасы кешенді түрде талданбаған. Оның тек жекелеген мәселелері бойынша шетелдік ғылыми әдебиеттерден көрініс табуы қарастырылды. Советтік Қазақстан тарихының шетелдік тарихнамасын жаңа бағытта, әрі жүйелі түрде зерделеу қажеттілігі байқалады. Сонымен қатар дүниежүзілік тарих ғылымындағы соңғы жылдары жарық көрген, салмақты әрі шынайы тұжырымдары бар еңбектерді зерделеудің маңызы зор. Сондай-ақ шетелдік әдебиеттерді сыни тұрғыда талдаудың қажеттілігі ғылым дамуы үшін ғана емес балама көзқарастар негізінде шынайы тарих жазудың кепілі екендігі байқалды.

**Кілт сөздер:** советтік Қазақстан, тарих, шетелдік әдебиет, тарихнама, дерек, шолу, мәселе, зерттеу, тұжырым, көзқарас.

О.Х. Мухатова<sup>1</sup>, Д.Б. Касымова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник,  
институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова Казахстан, Алматы,

E-mail: [Orazgul7@rambler.ru](mailto:Orazgul7@rambler.ru)

<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>

<sup>2</sup> кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник,  
институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы,

E-mail: [didarkassymova87@gmail.com](mailto:didarkassymova87@gmail.com)

<https://orcid.org/0000-0001-8521-9818>

## ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ СОВЕТСКОГО КАЗАХСТАНА В ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

### Аннотация

В статье показано отражение некоторых вопросов истории Советского Казахстана в зарубежной научной литературе. Тема актуальна с точки зрения критики мнения о том, что «выводы зарубежных исследователей искажены и не соответствуют исторической действительности». В историографический обзор доказывает, что вопросы истории Советского Казахстана находятся в центре внимания зарубежных исследователей с середины прошлого века и по настоящее время. В зарубежной литературе приоритетное внимание уделяется рассмотрению вопросов установления в регионе Октябрьской революции и последующих советских реформ, голода 1931–1933 годов, влияния освоения новых земель на экономику республики. В казахстанской науке не было комплексного исследования, анализирующего зарубежную историографию истории Советского Казахстана, поскольку в период до обретения независимости было запрещено анализировать труды «фальсификаторов». Целью исследования является выявить взгляды, выводы и особенности научных трудов зарубежных исследователей по истории Советского Казахстана в XX – первой четверти XXI века; определять методологические принципы и направления исследований; показать научную значимость и недостатки работ. В статье дается обзор зарубежной историографии по вопросам истории Советского Казахстана первой четверти XX–XXI вв. Труды зарубежных ученых на протяжении десятилетий оставались неизвестными отечественным историкам. Казахстанские историки в силу своих исследовательских направлений и принципов оказались оторванными от мирового научного процесса изучения истории. После обретения независимости у

историков появилась возможность исследовать альтернативные перспективы изучения истории Советского Казахстана. Хотя зарубежные исследователи специально не изучали историю Советского Казахстана, некоторые ее вопросы они все же рассматривали. В результате анализа исторических данных зарубежные исследователи сделали свои выводы. Среди обобщенных выводов есть как соответствующие исторической действительности, так и не соответствующие происходившим историческим событиям и процессам. В отечественной исторической науке зарубежная историография истории Советского Казахстана комплексно не анализировалась. Считалось, что в зарубежной научной литературе нашли отражение лишь отдельные вопросы. Назрела необходимость изучения зарубежной историографии истории Советского Казахстана в новом направлении и системно. Важно также изучать труды по всемирной истории, опубликованные в последние годы и содержащие обоснованные и объективные выводы.

**Ключевые слова:** Советский Казахстан, история, зарубежная литература, историография, источники, обзор, проблема, исследование, вывод, точка зрения.

O. Kh.Mukhatova<sup>1</sup>, D.B. Kasymova<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher, Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanova Kazakhstan, Almaty,

E-mail: Orazgul7@rambler.ru

<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>

<sup>2</sup> Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher,

Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanova, Kazakhstan, Almaty,

E-mail: didarkassymova87@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-8521-9818>

## PROBLEMS OF THE HISTORY OF SOVIET KAZAKHSTAN IN FOREIGN LITERATURE

### Abstract

The article provides a review of foreign researches on the problems of the Soviet Kazakhstan history. The theme has been actualized from the view point that «conclusions of foreign researchers are corrupted and do correspond the historical reality». But the historical review proves that the Soviet Kazakhstan history issues have been in the focus of foreign researchers since mid-XX century onwards. In the foreign literature the following topics are prioritized – establishment of the soviet regime after the October revolution and the reforms that were implemented, famine of 1931–1933, impact of new lands exploration on the republic's economy. There was no comprehensive research in the Kazakhstani academia analyzing foreign historiography of the Soviet Kazakhstan history, as it was tabooed until independence to analyze the works of «falsifiers». The aim of the study is to reveal the viewpoints, conclusions and peculiarities of foreign researchers on the Soviet Kazakhstan history in XX – first quarter of the XXI centuries; establish methodological principles and directions of the researches; figure out significance and shortcomings of the. *Results.* The article provides review of the foreign historiography on the history of the Soviet Kazakhstan issues of the first quarter of the XX–XXI centuries. The works of foreign researchers for decades were terra incognita for Kazakhstani academia. The Kazakhstani historians due to their main research streams and principles happened to be separated from the world scientific processes of history studies. After gaining independence the historians got an opportunity to study alternative perspective for the Soviet Kazakhstan history. Although foreign researchers did not dwell on the Soviet Kazakhstan history, they concerned some aspects, anyway. And after analysis of historical data, the foreign researchers came to some conclusions. There are results matching the historical reality among generalized conclusions, as well as those not corresponding historical events and processes. *Conclusions.* In the national historical

science, the foreign historiography of the Soviet Kazakhstan history was not studied comprehensively. It was viewed that on some aspects were studied. It is right time to systematically study foreign historiography of the Soviet Kazakhstan history as a new direction. It is important to study the works on world history issued recently with proven and objective conclusions.

**Key words:** Soviet Kazakhstan, history, foreign literature, historiography, sources, review, problem, research, conclusion, view point.

**Кіріспе.** 1917 жылдың күзінде большевиктік билік орнағаннан кейін бұрынғы Ресей империясындағы, әсіресе оның шеткері аймақтарындағы түбегейлі өзгерістер әлемнің әртүрлі елдеріндегі түрлі ғылыми саланы зерттеушілер арасында қызығушылық тудырды. Советтік кезеңдегі Қазақстан тарихы бойынша шетелдерде кең көлемде әдебиеттер пайда болды. Алайда олардың зерттеу ұстанымдары және теориялық-методологиялық бағыттары отандық тарихшылармен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктерді иеленді. Батыс елдерінде СССР тарихы бойынша проблемалық салалардың кең ауқымын қамтитын ғылыми зерттеулер саласы жалпылама түрде «советология» аталды (Американские советологи, 1990).

ССРО-да партияның өлкеде қазан революциясының орнатуы, социалистік қоғам құрудағы рөлі, индустриаландыру мен ұжымдастыруға және т.б. басшылық етуі тәрізді проблемаларды жаттанды сызба, жадағай мысалдар арқылы көрсету әдетке айналған тұста шетелдік зерттеушілер керісінше елдегі идеологияға сәйкес зерделеуге тиым салынған, «жабық» тақырыптарды қарастырды. Олар советтік Қазақстан тарихын түрлі бағыттар аясында бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоймаған байыпты теориялық-методологиялық ұстанымдар шеңберінде зерттеді. Алайда советтік ғылым бұларды фальсификаторлар деп атап, олардың еңбектерін қаралап, жарамсыз етуге барын салды. Дегенмен ССРО-ғы қалыптасқан жағдай мен саясаттан шынайы хабары барлар шетелдік авторлардың еңбектерін күрделі тарихи үдерістерде компас ретінде пайдаланды.

Заманауи халықаралық ғылыми ынтымақтастық дамыған уақытта шетелдік зерттеушілердің еңбектеріндегі теориялық-методологиялық бағыттар тарихшылардың қызығушылығын тудыруда. Оның үстіне өз қазанында қайнап, пісетін уақыттың ауылы алыс қалғаны белгілі. Жаһандану жағдайында өзгелердің ұстанымы елеңдететіні - шындық. Дегенмен шетелдік ғылыми мектептерден үйрену арқылы жиренуді де назардан тыс қалдырмаған жөн.

Советтік кезеңде шетелдік ғалымдардың көпшілігі үшін архив құжаттары қолжетімсіз болса, қазіргі уақытта мұндай кедергілер алынып тасталған. Сол себепті олардың зерттеулері анағұрлым шынайы бола түсуде. Сондықтан да шетелдік әдебиеттегі ой-пікірлердің отандық тарихшылардың еңбектеріндегі тұжырымдармен үндестігі көкейкесті түйткілдердің бірінен саналады. Оларға сыни көзқарас таныту да - ғылымдағы күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі.

**Материалдар мен әдістер.** Советтік Қазақстан тарихының шетелдік әдебиеттен көрініс табуын зерделеуде негізгі тарихнамалық деректер болып ғалымдардың монографиялары, ғылыми мақалалары саналады. Олардың алғашқысы XX ғасырдың орта кезінде жарық көрсе, соңғысы 2023 жылы жарияланған. Еңбектерде өлкеде қазан революциясының жеңісінен кейін совет өкіметінің орнатылуы, большевиктік биліктің алғашқы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени қайта құрулары қарастырылды. XX ғасырдың соңы ХХІ ғасырдың бас кезінде жарияланған зерттеулерде Қазақстандағы модернизация, өлкенің Одақтың шикізат көзіне айналуы, мәдени үдерістердің салдарлары және т.б. мәселелер зерделенді. Шетелдік зерттеушілердің бірнеше ұрпақтары Совет Одағының құрамындағы Қазақстанның этноәлеуметтік күрделі иерархиялық құрылымдық жүйесі бар көшпелі мұсылман қоғамы ретінде оның мемлекеттік және ұлттық құрылымын ой елегінен өткізіп, сыни көзқарас танытты. Шетелдік зерттеушілер оның мәртебесін (ішкі отар, квазимемлекеттік құрылым, жартылай

тәуелсіз республика және т.б.) және халқын, саяси және экономикалық реформалардың жоспарлары мен үлгілерін жүзеге асырудың мақсаттары мен әдістерін, «орталық – шеткері аймақ» және билік пен тұрғындар сызықтығы бойынша халықтың билік топтары мен жекелеген топтары арасындағы қатынастарды анықтау міндетін қойды. Тарихнамалық деректер тек шетелдік зерттеушілердің көзқарастарын, пайымдарын ғана емес олардың методологиялық ұстанымдарын, зерттеу бағыттарын, советтік Қазақстан тарихының зерделенген мәселелерін, олардың объективті түрде немесе бұрмалана қарастырылғандығын анықтауға мүмкіндік береді.

Шетел әдебиетіндегі советтік Қазақстан тарихының мәселелерін тарихнама ғылымының методологиялық негіздерінсіз талдау мүмкін емес. Осы орайда зерттеудің тұжырымдамасы ретінде тарихнамалық фактіні айқындау және оны сипаттау ұстанымы алынды. Ғылыми позицияны ұстану арқылы тарихнамалық фактіге шынайы баға берілетіндігі ескерілді. Сондай-ақ тарихнамалық деректер мен фактілерді зерделеуді ғылымдағы «тарих және қазіргі заман» парадигмасымен байланыстыра жүргізу ұтымды болып табылады. Сонымен қатар тарихнамалық фактіні зерттеуде проблемалық-хронологиялық, ретроспективті, сипаттау, қорыту тәрізді әдістер қолданылды. Зерттеуде қолданылған тұжырымдамалар мен әдістер шетелдік әдебиеттегі объективті тарихнамалық фактілерді анықтауға мүмкіндік тудырды. Тарихнаманың ғылыми ұстанымдарын ұтымды пайдалану шетелдік зерттеушілердің көзқарастарын дәйекті түрде айқындауға жол ашты.

**Нәтижелер.** Шетелдік әдебиетте советтік Қазақстан тарихы әртүрлі қырынан қарастырылды. Солардың бірі өлкеде совет өкіметінің орнатылуы және жергілікті тұрғындардың большевиктік билікпен қарым-қатынастары мәселелсі болды. Онда ресейлік шет аймақтардың қазан революциясына көзқарастары турасында мәселе көтерілді. Мәселен, А. Парк, С.Зеньковский, Дж.Уилер және т.б. Қазақ Елінің қазан революциясын және оның жеңісін қабылдауға дайын еместігі туралы тұжырымды алға тарта отырып, өлкеде совет өкіметінің орнатылуы мәселелерін «пролетарлық отаршылдық» тұжырымдамасы ауқымында қарастырды [9]. Ақиқатында қазан революциясы қазақ халқы үшін Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда түсініксіз болды, өйткені көшпелі қоғамда таптық қатынастар орын алмаған еді. Большевиктік билік шет аймақтарда зорлау, қиянат жасау және ерекше диктаторлықтың үстемдік етуімен орнатылды. Алаш арысының пікірімен үндес көзқарастарды шетелдік ғалымдар білдірді. А.Парк қазақ даласындағы отарлық билікті большевиктер жалғастырды, М.Ривкин большевиктердің Түркістанда Россияның орталық аудандарына ұқсас пролетарлық өкімет орнатқысы келді деп пайымдады [10; 124 б]. Дж.Уилер таптық айырмашылықтар орын алмаған Қазақстанда патшалық үстемдіктің жойылып, қазақтардың тартып алынған жерлерін қайтармақшы үміттерінің болғандығын баяндады. М.Олкотт қазақтардың басым көпшілігі жаңа большевиктік режимді қолдаудың қиын екенін түсініп, оның орнына Алашорда автономиялық үкіметін құру жолын таңдағандығын, М.Чаплика революция тек өлкедегі орыс отаршылдары тарапынан ғана қолдау тапқандығын көрсетті. М. Чапликаның көзқарасымен Х.Сеттон-Уотсонның тұжырымы үндесті [11]. Шындығында Алаш қозғалысының жетекшілері ақпан революциясының жеңісінен кейін алдымен Алаш партиясын, содан кейін Алашорда үкіметін құрып, тәуелсіз Алаш автономиясын жариялауға ұмтылған еді. Кейінгі жылдары «пролетарлық отаршылдық» тұжырымдамасын Э. Олуорд, А. Беннингсен, Э. Уимбуш, Т.Хэммонд, Э. Каппелер д'Анкос, Г. Симон, Д. Гейер және т.б. өз еңбектерінде тереңдетті [12]. Француз коммунистік партиясын қолдаған зерттеушілер – Ш.Штебер, П.Вайян-Кутюрье Қазан революциясының шет аймақтарға, оның ішінде қазақ даласына оң әсері туралы пікір танытса, М. Ферро, О. Рой, А. Блюм жергілікті халық мұндай түбегейлі саяси өзгеріске дайын емес еді, большевиктік биліктің орнауы бюрократия мен тоталитаризмге әкелді деп санады [7; 25 б].

Большевиктік билікке балама мемлекеттік құрылымды құрып, жариялауға ұмтылған Алашорда үкіметінің қызметі, Алаш қозғалысын отар аймақтардағы ұлтшылдықтың күшеюі және олардың азаттыққа ұмтылуы тұрғысынан қарастырылды. Француз тарихшылары «Алаш»

партиясын қазақ ұлтының зиялы қауымының көп жылғы қажыр-қайратының нәтижесінде құрылған, мерзімді басылымдар мен әдебиетті жер мәселесін шешу, тіл мен дінді сақтау, қазақ халқының мүддесін білдіруге жұмылдырған қуатты саяси күш деп бағалады Р.Пайпстың пікірінше, қазақтар Алаш Орда үкіметі арқылы аумақтық автономия беру мәселесін өздерінің саяси бағдарламасының маңызды талаптарының бірі ретінде көтерді [2; 151 б]. Жапон ғалымы Томахио Уяма Алашорданың Сібір, Орал және Түркістан үкіметтерімен өзара байланыстарын көрсете келе, Алаш қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бөлігі болып табылады деген тұжырымға келді [13]. Ресейлік ғалым Д.А.Аманжолова Алаш қозғалысының саяси тұғырнамасын талдап, партия мен автономия арқылы алаштықтардың советтік мемлекеттік құрылымдарға ену траекториясының дамуын белгіледі [14].

Шетелдік әдебиетте жекелеген Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметін зерделеген тарихшылар да кездеседі. Солардың бірі - ресейлік тарихшы В.И. Козодой. Оның 2021 жылы баспадан ұлт көсемі - Әлихан Бөкейханов туралы монографиясы жарық көрді [15]. Монографияда Алаш көшбасшысының өмірбаяны архив құжаттары, естеліктер, заманхаттар, зерттеулер, мерзімді басылым материалдары бойынша жан-жақты көрсетіледі. В. Козодой Әлихан Бөкейхановты Алаш партиясы мен Алашорданың көшбасшысы деп атайды. Автор Ә.Бөкейхановты ұлт-азаттық қозғалыс басшысы ретінде мойындамайды. Мұның өзі шетелдік зерттеушінің XX ғасырдың 20-жылдарының бас кезіндегі Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысты көргісі келмейді дегенді білдіреді.

Орынборлық тарихшы-ғалым Т. Тугай Ахмет Байтұрсынов сынды Алаш қайраткерінің Орынбордағы өмірі мен қызметін арнайы зерделеп, еңбек жариялады. Бұл еңбек Орынборда «Қазақ» (Қазақ) газетінің шығуын, мұсылман ағарту қауымының рөлі мен ислам мәдениетінің баспа ісіне ықпалын, «Байтұрсынов әліпбиінің» құрылуын беймәлім деректерді ғылыми айналымға енгізу арқылы қарастырумен ерекшеленеді. Осы орайда автордың «Ахмет Байтұрсынов сияқты ірі тұлға тек өз елімен шектеліп қалмауы керек, ол Қазақстан мен Ресейдің ортақ тарихының бір бөлігі» деген тұжырымы өте маңызды [16].

Алаш қайраткері, Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі, Қоқан автономиясының төрағасы, Алашорда үкіметінің мүшесі - М.Шоқайдың большевиктер Қоқан автономиясын талқандағанда, шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болғаны, алдымен Каспий теңізі арқылы Бакуге, одан кейін Тифлиске келіп Грузияда (Тифлисте), бұдан әрі Түркияда тұрғаны белгілі. Мұстафаның Тифлистегі екі жылға созылған қызметін грузин ғалымы Л.Саралидзе зерттеген [17].

Зерттеушілер М. Шоқайдың Парижде жазған мақалаларына жіті назар аударады. Түркітанушы, М. Шоқайдың өмірі мен қызметін зерттеуші, Мимар Синан университетінің профессоры Алаш қайраткерінің Парижде француз тілінде жарияланған мақалаларын қазақ, орыс, ағылшын, өзбек және т.б. тілдеріне аударып, 49 мақаладан тұратын жинақ түрінде шығарды [18].

Шетелдік зерттеушілер большевиктердің мемлекеттік қайта құруларымен қоса 1920-жылдардағы тарихи оқиғалар туралы да өз ойларын білдірді. Олар советтік кезеңде отандық тарихшылар үшін жабық тақырыптардың бірі болған Қазақстандағы 1921–1922 жылдардағы ашаршылық тақырыбын алғашқылардың бірі болып қозғады. Мәселен, С. Камерон Қазақстандағы аштықтың шетелдік тарихнамадағы зерттелу деңгейін анықтады [19]. Я. Матли алғашқы аграрлық реформаларды зерттеп, қазақтардан тартып алынған шұрайлы жерлердің өздеріне түгелдей қайтарылмағандығын көрсетті [20; 288 б]. Шындығында да революцияға дейінгі кезеңде қазақтардан тартып алынған 45 млн. десятина жердің барлығы дерлік байырғы тұрғындардың меншігіне өтпеді. Оның бір бөлігі жер қорына бөлінді. В. Конолли «1921–1922 жылдардағы аграрлық реформалардың мақсаты мұсылман қоғамында әлеуметтік шиеленіс тудыру еді, ал бұл реформа басқа да аграрлық қайта құрулардың өзіндік символы болды», - деп жазды [21; 89 б]. Шындығында аграрлық реформалар қазақтардың дәстүрлі

шаруашылығын қиратып, ауқатты, бай әлеуметтік топтарын тәрілеп, ауылды өзегінен айырып, меншігі жоқ шаруаларды өздерінің айтқандарына көнетін, айдауларына жүретін тап ретінде қалыптастыруды мақсат етті. Аграрлық реформалардың зардаптары өте ауыр болғандығы белгілі. Осыны шетелдік зерттеушілер шынайы зерттей алды. М. Олкоттың пайымдауынша, бұл экономикалық эксперименттердің ауыр зардаптарын большевиктік партияның жетекшілері болжай алмады [22]. Жер-су реформасы айтарлықтай әлеуметтік қайшылық тудырмағанымен өздеріне тиісті жерлерін ала алмаған қазақтарға жаңа биліктің талаптарына мойынсұнудан басқа жол болмады. Қазақтың дәстүрлі шаруашылығының іргесін сөккен реформалардың бірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу туралы Гувер институтының аға ғылыми қызметкері Р.Конквест пікір білдірді. Оның пайымдауынша, «1928 жылы 28 тамызда Бүкілодақтық Атқару Комитетінің «ұсынысы» бойынша қабылданған декретте «ауылды советтендіруге кедергі жасап отырған жергілікті халық арасында ірі мал иелерін тәркілеу» және байлар мен жартылай феодалдардың отбасыларын жер аудару белгіленді. Сөйтіп, осы шара нәтижесінде 696 шаруашылықтан ірі қараға шаққанда жарты млн. тұяқ тәркіленді [23]. Шетелдік зерттеушілердің аталған кампания нәтижесінде 696 шаруашылықтан жарты млн. тұяқ, ірі қараға шаққанда тәркіленді деген мәліметі асыра көрсетілген. Себебі барлық тәркіленген қожалықтардан 144 474 бас мал (ірі қараға шаққанда) тартылып алынған [24; 84 б].

Күштеп ұжымдастыруды бағалауда неміс тарихшылары бірнеше топқа бөлінді. Бірінші топтың өкілдері колхоздастыруды ауылдан индустрияландыруға қажетті қаржыны аудару көзі ретінде қарастырса, Г. Штекель бастаған екінші топ совет ауылы ұжымдастыруға дайын емес, ол кезде Қазақстанда колхоздастырудың алғы шарттары әлі қалыптаса қоймаған деген тезисті алға тартты. Үшінші топтың өкілдері шаруалардың көпшілігінің психологиясында дәстүрлі шаруашылықтан бас тартып, колхоздың игілігіне жұмыс істеу түсінігі қалыптаспаған, ал коммунистік партия мен совет мемлекетінің күш-жігері бұл дүниетанымды өзгерте алмады деген қорытындыға келді. Шетелдік зерттеушілердің пікірлері негізінен орын алған тарихи оқиғаларға сәйкес келеді. Жаппай ұжымдастыру кезінде «кім колхозға кіреді?» деген сауалдың орнына «кім колхозға қарсы?» деген сұрақтың күн тәртібінде тұрғандығы ақиқат. Еріктілік принципін бұзу, колхоздарға қарсы көтерілістер, Раухтың пікірінше, советтік шаруаның колхоз құрылысына деген шынайы көзқарасын көрсетті [5; 31-32, 44 б]. Ұжымдастыру кезінде малды жаппай сойып тастау оқиғаларының орын алғандығы турасында Дж. Литлпей «Кремль көшпелі өмір салтын теріс деп тапты да, оны құртуға бағыт алды. ...Большевиктердің төтенше отрядтары қазақтардың малдарын тартып алды, не колхоздарға тапсыртты» [25], - деп түйіндесе, В. Конолли «Қазақ көшпелілерін отырықшылыққа ауыстыру үдерісі мен колхоздастыру барысындағы дөрекі әдістер бүкіл Қазақстан бойынша адамдардың қырғынға ұшырауына, мал басының күрт азаюына душар етті. Үкімет саясаты қазақтардың табанды қарсылығына ұшырады, олар малдарын жаппай сойып тастады, аштан өлді не Қытайға қашып құтылды» [26] деген тұжырым жасады. Ал У. Дугластың пайымынша, «Көшпелілердің күштеп ұжымдастыруға қарсылығы колхоздарға зорлап кіргізгеннен кейін де жалғасты... колхоздарда жұмыс істеуге мәжбүр болған көшпелілер алдымен малды жойып, одан кейін қашып кетті» [27; 61 б]. Дегенмен шетелдік зерттеушілер республикадағы аграрлық реформалардың шынайы мәні мен зардаптарын толық ашып бере алмады. Осы орайда олардың отандық тарих ғылымында жарық көрген қазақ тіліндегі еңбектерді зерделемегендері анық байқалады. Отандық тарих ғылымында алғашқы аграрлық реформалар тарихы арнайы зерттеліп, тың әрі шынайы тұжырымдар жасалды.

Шетелдік әдебиетте қысқа мерзім ішінде көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшылыққа көшуге мәжбүрлеудің ақылға сыйымсыздығы туралы тезис негізделді. Мәселен, В. Конолли «Қазақ даласының жағдайында қысқа мерзім ішінде мал шаруашылығымен айналысудың дәстүрлі әдістерін отырықшы шаруашылыққа ауыстыру әрекеті экономикалық ессіздік еді» - деп мәлімдеді [21]. И. Огайон көшпелі шаруашылықтың жойылуы

колхоздың емес, «колхоздық ауылдың» құрылуына әкелді деген қорытындыға келді [7; 30 б.]. Отырықшылыққа өтуде туындаған зұлматтың себептерін Л. Крадер дәстүрлі қоғамның өндірістік жүйесі мен әлеуметтік құрылымын елемеумен түсіндірді [28]. Э.Шихи, В. Конолли «дәстүрлі көшпелі шаруашылықтың биологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру бағдарында жүргізгенде тиімді болар еді» деп атап өтті.

Роберт Дэвис пен Стивен Уиткрофт Сталиннің 1933 жылғы аштықты қасақана болдырғаны, оның алдын алуға болатындығы [29], Р. Конквест коммунистік идеология халықты жаппай қыруға негіздеме жасап бергені туралы пікір айтты [23; 196 б.]. Норман Неймарк, Курт Йонассон ашаршылықтың геноцидтік сипаты бар және бүкіл Совет Одағындағы қуғын-сүргіннің бір бөлшегі болды деп, зұлматтың себебі ретінде құрғақшылықты бөліп көрсетті [30]. Р. Киндлер ашаршылық большевиктердің ең ауқымды қоғамдық-саяси экспериментімен байланысты деп санады [31]. С. Камерон Қазақстандағы ашаршылық тақырыбын большевиктер партиясының көшпелілерді жоюға бағытталған мақсатты бағыты тұрғысынан зерттеді [26]. Басқа зерттеушілер де ашаршылықты большевиктік режим саясатының бір бөлігі ретінде салыстыруды ұстанады. Италияндық зерттеуші Н. Пьянчиола ашаршылықтың зардаптарына салыстырмалы талдау жасады [32]. Қазақтардың ашаршылыққа ұшырауы тақырыбын М. Рудольф қарастырды [33]. Алайда бұл зерттеушілердің еңбектері архив құжаттарына негізделмеді. Сол себепті тарихи үрдіспен үндесетін тұжырымдар дүниеге келмеді. Ал 1931–1933 жылдардағы зұлматтың орын алуының себебі тек күштеп ұжымдас-тыру, зорлап отырықшыландыру ғана емес, табиғи фактордың әсер еткені де отандық тарихшылар тың деректер негізінде дәйектеді.

В.В.Кондрашин Ресей мен Қазақстандағы ашаршылық тақырыбы бойынша зерттеулерге талдау жасады. Ресейлік зерттеушілер ашаршылық тақырыбы Қазақстандағы советтік кезеңдегі тарихын қайта қараудың құрамдас бөлігі ретінде ұлттық жарақаттар кешеніне енгізілгенін атап өтті [34].

Қазақстанның индустрияландыру тарихы шетелдік әдебиеттерден көрініс тапты. Неміс тарихшылары өлкедегі жалпыодақтық міндеттерді жүзеге асыруда ұлттық мүдденің ескерілмегеніне назар аударды. Мәселен, Г.Шленгердің пайымынша, Қазақстанда индустрияландыру барысында түбегейлі құрылымдық өзгерістер орын алды, бұл үдерістің негізгі рухани тасымалдаушылары Орал мен Батыс Сібірден келген орыстар болды [5]. Дегенмен индустрияландырудың нәтижелерін жоққа шығармаса да Қазақстанның Совет Одағының шикізат базасы болғандығы жөнінде сөз қозғалмады. Есесіне М. Пейн индустриялық жобалардың Қазақстанның саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени аспектілердегі жаңа имиджінің қалыптасуына ықпал еткендігін айтты [35].

Шетелдік әдебиеттерде саяси қуғын-сүргін, әсіресе мұсылман дін басыларын қуғындаудың өткені және денсаулық сақтау жүйесін қалыптастырудағы большевиктік билік саясатының ерекшеліктері орын алды [36].

Зерттеушілер Бүкіл совет халқы үшін ауыр сілкініс пен сынаққа айналған Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақтардың азаматтық бірегейлігі қалыптасты. Р. Кармак, Дж. Эден, [37]. Эденнің пікірінше, мұсылман халықтарының советтік патриотизмі көбіне діни сезімдерден туындаған [38].

Советтік баспасөзде «бас айналдырар табыстар» ретінде насихатталған тың игеру тарихын шетелдік зерттеушілер екі бағытта зерттеді. Бірінші бағытта жататындар тың игерудің тек жетістіктерін көрсетіп, экономикалық, әлеуметтік маңызына ерекше мән берді. Американдық саясаттанушы Алек Ноув тың игерудің Қазақстанның шаруашылық дамуына игі ықпалын айта келе, «Тың жерлерді игеру нағыз ұланғайыр жұмыс болды, соның нәтижесінде Совет Одағында егістік алқабына Канадада өңделетін егістік көлеміндей жер қосылды», - деп жазды [39]. Осыған ұқсас пікір Марта Олкоттың еңбегінен көрініс тапты. Зерттеуші С.Осовский тыңды «ауыл шаруашылығының анағұрлым драмалық аспекті» ретінде қарастырса, ал

М.Макколи «тың жерлер елдегі астық өндіруге түбегейлі әсер ете алмады» деп тұжырымдады. О.Шиллер алғашқы кезде тың табысты болғанымен, бірақ «қойылған мақсатқа қол жеткізген жоқ» десе, Р.Лэрд және Д.Чеппел «жана жерлерді игерудің жоспарын үлкен қате ретінде қарастыру керек» - деген көзқарас білдірді. Х. Вагенер «мемлекет тың игеруді жаппай бастап жіберіп, Ресей шекарасынан тыс бос жерлерді халықпен толтыруға кірісті» десе, Р.М. Миллс тың игеру науқанына «аз ұлттар мекендейтін қиыр аймақтарда орыстандыру мәселесін шешуге бағытталған шара» деген баға берді [40]. Қазақстандағы тың жерлерді игеруге түрлі ұлт өкілдерімен қатарында әйелдердің де белсене араласуы шетелдік зерттеушілердің қызығушылығын тудырды. Осы орайда тың игерудің гендрлік қырларын қарастырған М. Польдің еңбегі анағұрлым тартымды болды [41].

Тың игерудің жетістіктерімен қатар зардаптарының орын алғаны белгілі. Қазақстан астық өндіруден Совет Одағында үшінші орынды иеленгенімен аграрлық салада шешімін табуға тиім түйткілдер шаш етекпен еді. Батыстық зерттеушілер сондай күрмеуі қиын күрделі мәселелерді дөп басып көрсете алды. М. Гольдман, Д. Хоскинг, Т. Коултон және т.б. агроөндірістің ішкі экономикалық қатынастармен реттелмегені, колхозшының еңбегінің арқасында жинақталған қордың өнеркәсіпке құйылғаны, соның нәтижесінде ауыл шаруашылық тұрғындарының көзге көрінбейтін езгіге түскендігі тәрізді келеңсіз үрдістерді ашып жазды.

Аграрлық өндірістегі кемшіліктермен қатар бірқатар шетелдік зерттеушілер республиканың өнеркәсіп саласындағы ерекшеліктерді анықтады. Мәселен, З. Кац Қазақстанның табиғи ресурстарды игеру бойынша Ресей мен Украинадан кейін үшінші орынды иеленгендігін атап көрсетті [42]. Г. Имарт керісінше Қазақстанның Одақтың шикізат көзіне айналғандығын жасырмады [43].

Т.Раковска-Хармстоун аймақтағы шаруашылықты басқарудың ерекшеліктерін сипаттай отырып, «республиканың формальды егемендік құқықтарына қарамастан, орталық үкімет оның артықшылықтарын анықтай отырып, оның құқықтық мүмкіндіктерін шектейді, жергілікті билік экономикалық өмірді тікелей басқара алмайды», - деп жазды [44]. Британдық экономист П.Цвиг Қазақстан 1950-1970 жылдары өзінің аграрлық дамуын жалғастырып, республиканың жалпы этноөңірлік ерекшелігінде модернизация белгілері пайда болғанын атап өтті [45]. Неміс зерттеушілерінің көпшілігі қазақ шаруашылығының отаршылдығын ерекше атап көрсетті.

Ағылшын-американдық тарихнамада советтік Қазақстан экономикасының жекелеген аспектілерін қарастырған кезде мемлекеттің, коммунистік партияның рөлін, қоғамдағы жаппай бюрократизацияны талдауға басымдық берілді. Республиканың экономикалық дамуын зерттеуде отаршылдық ерекшеліктер мен ұлттық кемсітушіліктерді сипаттауға ұмтылыс орын алды. Экономикалық даму әдетте жергілікті халықтың мүддесі ескерілмей, «орталықтың» мақсатында жүргізілетіні, советтік модернизацияның аяқталмай қалғаны және үстірт жүргізілгені баса айтылды.

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін шетелдік зерттеушілер оқиға түрінде сипаттайды. Қазақ ССР басшылығының ауысу себептері, партия номенклатурасының реакциясы, халықтың бас көтеруі, көтеріліске қатысушыларға қарсы қуғын-сүргін, оның зардаптары, осылар ең алдымен советтік ұлт саясатының сәтсіздігі деп бағалайды. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін Э.Карр д' Анкос шеткері аймақты орталыққа, қазақтарды орыстарға қарсы қойған отарлық сипаттағы бүлік деп санады. Ч. Лемерсье-Келькеже көтерілістің барысын мүлде шындыққа жанаспайтын тұрғыда «17 желтоқсан қазақтардың басқыншы орыстарға, мұсылмандардың кәпірлерге, қазақ коммунистерінің орыс коммунистеріне қарсы бас көтерген күн болды», - деп сипаттады [46]. Осы орайда айта кетерлік жайт, отандық тарих ғылымында да Желтоқсан көтерілісіне оқиға ретінде баға беретін зерттеушілер кездеседі. Мұның өзі осы мәселеде ортақ пікірдің қалыптаспағандығы қынжылтады. Желтоқсан көтерілісін тың тарихи деректердің негізінде кешенді зерттеп, шынайы тұжырым жасайтын уақыты әлдеқашан келді.

Шетелдік тарихшылар аса мән беріп зерттеген тақырыптардың бірі - Қазақстанның мәдени дамуы мәселесі. Х.Сетон-Уотсон «мәдени революцияның» жағымсыз салдарын көрсетуге ұмтылды. Қазақ халқының жазу-сызуын қықа мерзім ішінде қасақана бірнеше рет өзгертудің рухани құлдырауға әкелгендігін «Араб әліпбиін латынмен алмастыру жас ұрпақты өзінің дәстүрлі мәдениетінің бөліп тастады. Ал, 1930-жылдардың соңында латын әліпбиінің орнына жаңартылған кириллицаны таңу жастарды еуропа және түрік мәдениетінен кесіп тастады» деген тұжырымынан анық көруге болады [2; 166 б]. Шындығында қазақтардың жазу-сызуының екі рет өзгертілуі сауатсыздардың санын көбейтіп қана қоймай, өткенді зерделеуде тарихи сабақтастықты үзді, сонымен бірге өскелең ұрпақты ата-бабаларының рухани мұрасын оқып-үйрену мүмкіндігінен айырды. Төте жазудағы рухани қазынаны зерделеудегі қиындықтардың бүгінгі күні де бар екені жасырын емес.

Ш. Акинер тұжырымынша Қазақстан үшін ССРО өмір сүрген кезеңде советтік және ұлттық (қазақтың) бірегейліктің консолидациясы жүзеге асты. Оған соғыс, ұжымдастыру мен индустриализация өз ықпалын тигізді. Нәтижесінде қазақтар көшпелі өмір салтынан алыстай берді [4; 379 б]. Б. Дейв (Деви) интернационалдық советтік жүйемен өзара әрекеттесу барысында қазақтардың этноұлттық бірегейлігін сақтау үдерісінің үш жақты: империяның құрамына кіру, серіктестік және транзит жүргендігін атап көрсетті [47]. П. Роллберг қазақ киноматографиясын модернизация мен бірегейліктің құралы ретінде қарастырды [48]. Бұл тұжырымдар өзіндік сипатты иеленіп қоймайды, сонымен қатар мәселелерді терең зерттеудің қажеттілігі байқалады.

Советтік кезеңдегі Қазақстан халқының, оның ішінде депортацияланған халық есебінен қалыптасу мәселелері де зерттеушілер назарынан тыс қалмады. Совет уақытындағы Қытайдан репатриациялау үдерістері - ССРО-ның мемлекеттік саясаты, оралмандардың әртүрлі этникалық топтарының (қазақтар, орыстар, ұйғырлар, дүнгендер, татарлар және т.б.) интеграциясы және бейімделуі Н.Н. Аблажейдің зерттеу нысанына айналды [49].

**Талқылау.** Заманауи қазақстандық академиялық әдебиетте советтік кезеңдегі Қазақстан тарихына қатысты шетелдік зерттеулердің (ғылыми мектептердің) негізгі бағыттарына байыпты талдау жасалды. Советтік тарихи мектепте социализмнің теориясы мен тәжірибесін зерттеудің шетелдік тәжірибесі буржуазиялық бұрмалауларды сынау шеңберінде түсіндірілді [1]. Шетелдік тарихнама тәжірибесін сыни талдауда қазақ мектебінің негізін салушылардың бірі К.Л.Есмағамбетов еді [2]. Оның ізбасарлары Б.М.Сужигов, М.Т.Лаумулин, Р.М.Таштемханова, С.И.Ковальская, З.Д.Шаймарданова, Г.Б.Бырбаева болды. Қ.Л.Есмағамбетов қазақтар туралы шетелдік зерттеушілердің пікірлерін сараптап, тарихи тұрғыда жүйелеп, дербес зерттеу түрінде жариялады. Б.М.Сужигов XIX–XX ғасырлардағы Қазақстан тарихының шетелдік тарихнамасын талдап, еңбегі очерк түрінде жарияланды [3]. М.Т. Лаумулин шетелдік шығыстанудағы қазақтардың тарихын, мәдениетін және этнографиясын зерттеді [4]. Р.М.Таштемханова Қазақстан тарихының неміс тарихнамасынан көрініс табуын зерделеді [5]. Г.Б.Бырбаева еуро-американдық тарихнамадағы 1960–1990 жылдардағы Қазақстан тарихы бойынша тұжырымдамаларды жүйеледі [6]. З.Д.Шаймарданова XIX–XXI ғасырдың бас кезіндегі, соның ішінде советтік кезеңдегі Қазақстан тарихының француз тарихнамасын талдады [7]. С.И.Ковальская Қазақстанның советтік модернизациялау тәжірибесінің ағылшын-американдық тарихнамасын өзінің зерттеу нысанына айналдырды [8]. Советтік Қазақстан тарихының жекелеген мәселелері бойынша отандық тарихшылар шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне тарихнамалық талдау жасамағандары кемде-кем. Дегенмен советтік Қазақстан тарихының өзекті мәселелерінің шетелдік тарихнамадан көрініс табуын жүйелеп, сипаттаған зерттеулер отандық тарих ғылымынан орын алмады.

**Қорытынды.** Соңғы жылдарға дейінгі шетелдік зерттеушілердің нақты деректерсіз, Қазақстанда қазақ тілінде жарияланған ғылыми еңбектерден хабарсыз зерттеу жүргізіп, ой түйіндеген зерттеушілердің тұжырымдарының барлығы дерлік тарихи шындықпен үйлесе

бермейді. Авторлардың көпшілігі советтік Қазақстан тарихын арнайы зерттеу нысандары етіп алмаған. Олар көбінесе КСРО тарихын зерделеуге ден қойған. Алып мемлекет ішіндегі оқиғаларды баяндағанда Қазақстанға үстірт тоқталып өткен. Орталық Азиядағы тарихи үдерістерді сипаттау барысында Қазақстанды назардан тыс қалдырмаған. Дегенмен шетелдік ғылыми әдебиетте Қазақстан тарихының ССРО-дағы идеологиялық тыйымдарға байланысты ұзақ уақыт бойы зерттеуге тиым салынған мәселелер қарастырылды. Қазіргі кезеңде советтік Қазақстан тарихын зерттейтін авторлар архив қорларымен жұмыс жасайды. Сол себепті шетелдік жаңа буын тарихшыларының тұжырымдары тарихи шындықпен үйлеседі. Шетелдік авторлар Қазақстан тарихын зерттеп қана қоймай, оны халықаралық қауымдастықтың мүшесі ретінде санайды. Алайда мұндай үрдіс барлық зерттеушілерге тән емес. Тың тұжырымдармен қатар қате көзқарас танытатындары да кездеседі. Мәселені үстірт қарастыру орын алған. Себебі олардың қазақстандық тарихшылардың қазақ тіліндегі еңбектерімен танысу мүмкіндіктері шектеулі. Мемлекеттік тілдегі тарихи деректерді талдап, ғылыми айналымға түсіре алмайды. Дегенмен шетелдік ғалымдардың ұтымды методологиялық ұстанымдарының бар екендігі сөзсіз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. *Экономическое развитие Казахстана и критика буржуазных фальсификаторов* / Отв. ред. Баишев С.Б. – Алма-Ата: Наука, 1978. – 160 с.
2. Есмағамбетов К. *Қазақтар шетел әдебиетінде.* – Алматы : Атамұра-Қазақстан, 1994. – 204 б.
3. Сужиков Б. М. *Очерки зарубежной историографии Казахстана XIX–XX вв.* – Алматы: Үш қиян, 2019. – 324 с.
4. Лаумулин М.Т. *Әлемдік ориенталистикадағы Қазақстан: Шетелдік шығыстанудағы қазақтардың тарихын, мәдениетін және этнографиясын зерттеу.* – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2019. – 472 б.
5. Таиштемханова Р. М. *История изучения Казахстана в Германии (вторая половина XIX в. -1991 г.): дисс. ...д. и. н.* – Павлодар, 2005. – 273 с.
6. Бырбаева Г. Б. *Концептуальная структура евро-американской историографии истории Казахстана и республик Средней Азии советского периода: источники 1960-х – начала 1990-х гг.: автореф. дисс. ...д. и. н.* Алматы, 2005. — 50 с.
7. Шаймарданова З. Д. *Французская историография истории Казахстана XIX – начала XXI вв.: автореф. дис. ...д. и. н.* – Алматы, 2010. – 50 с.
8. Ковальская С. И. *Англо-американская историография советского опыта модернизации Казахстана: дисс. ...д. и. н.* – Астана, 2008. – 361 с.
9. Keep J. *October in provinces // Revolutionary Russia / Ed. by R. Pipes. Cambridge (Mass), 1968. P. 180-223.; Pierce R. Toward Soviet Power in Tashkent. February-October 1917 // Canadian Slavonic Papers. – Ottawa, 1975. Vol. XVI. No 2/3. – P. 261–269.*
10. Rywkin M. *Moscow's Muslim Challenge: Soviet Central Asia.* – New York : M.E. Sharpe, 1990. – 181 p. .
11. Seton Watson H. *Russian Empire? 1801-1917/ Oxford, 1967; Carrere d'Encausse H. The fall of Tsarist Empire; Civil War and Government; The National Republics lose their Independence //Central Asia: a century of Russian rule/ Ed. By E. A Uworth, – L., 1967. – pp. 131-253; idem Le grand défi, Bolshéviques et nations 1917-1930. – P., 1987; The Anatomy of the Communist takeovers/Ed. By T.T. Hammond. – New Haven and London, 1975.*
12. Kappeler A. *Russian als Vielvolkerreich: Entstehung, Geschichte, Zerfall.* – Munchen, 1992.

13. Uyama T. *The Alash Orda's Relations with Siberia, the Urals, and Turkestan. The Kazakh National movement and the Russian imperial legacy* // *Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts*. – London - New York: Routledge, 2012. – 287 p.
14. Аманжолова Д.А. *Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш*. – М.: Россия молодая, 1994. – 216 с.
15. Козодой В.И. *Алихан Букейханов: человек-эпоха*. – Алматы, 2021. – 312 с.
16. Тугай Т.И. *Оренбургский путь Ахмета Байтурсынова*. Изд. 2-е, доп. – Оренбург: Университет, 2018. – 252 с.
17. Саралидзе Л. *Мустафа Шокай и грузинская политическая эмиграция* // *Казахстанская интеллигенция: история и современность: Сб. материалов Междунар. научн. конф., посв. памяти д. и. н., проф. К. Л. Есмагамбетова*. – Алматы, 2018. – С. 237–244.
18. *Политика тюркского мира Советского Союза: Сб. избранных статей М. Шокая на французском языке* / Сост. А. Кара. – Стамбул : Dogu kutuphanesi, 2023. – 343 с.
19. Cameron S. *The Kazakh Famine of 1930–33: Current Research and New Directions* // *East / West: Journal of Ukrainian studies*. – 2016. – Vol. 3. – No. 2. – P. 117–132.
20. Mathley I. M. *Agricultural development // Central Asia. A century of Russian rule*. 1998.; *Idem. The population and the Land* // *Ibid.* – P. 91–130.
21. Conolly V. *Beyond the Urals: Economic Development in Soviet Asia*. – London: Oxford U. P, 1967. – 420 p.
22. Олкотт М.Б. *Қазақтар / Қазақ тіліне аударған З. Әбдешев*. – Астана : Шаңырақ-Медиа, 2011. – 155 б.
23. Conquest R. *The harvest of sorrow: Soviet collectivization and the terror-famine*. – L., 1986. p. 189-198.
24. Омарбеков Т. *20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті*. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.
25. Littlepage J. D. *In Search of Soviet gold*. – N.Y., 1938. – 186 p.
26. Cameron S. *The Hungry Steppe: Famine, Violence and the Making of Soviet Kazakhstan*. – New York: Cornell University Press, 2018. – 292 p.
27. Турсунбаев А. *Против буржуазной фальсификации истории Казахстана*. – Алма-Ата: Казгосполитиздат, 1963. – 112 с.
28. Krader L. *Social Organization of the Mongol-Turkic Pastoral Nomads*. – The Hague, Mouton, 1963. – 412 p.
29. Wheatcroft S. G. *The Complexity of the Kazakh Famine: Food Problems and Faulty Perceptions* // *Journal of Genocide Research*. – 2021. – Vol. 23. – № 4. – P. 593–597.
30. Norman M. Naimark. *Stalin's Genocides*. – Princeton University Press, 2010. – 163 p.
31. Киндлер Р. *Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане*. – М.: Политическая энциклопедия, 2017. – 382 с.
32. Pianciola N. *Collectivization Famine in Kazakhstan, 1931–1933*. // *Harvard Ukrainian Studies*. Vol. 25, No. 3/4 (Fall 2001)/ – P. 237-251.
33. Mark R. *The famine in Kazakhstan: historiographical reappraisals. (Die Hungersnot in Kazakhstan. Historiographische Aufarbeitung im Wandel, in: ebd., – S. 112–130.*
34. Кондрашин В.В. *Современная историография голода начала 1930-х гг. в России и Казахстане: обзор литературы* // *Известия высших учебных заведений. Поволжский регион. Гуманитарные науки*. – 2022. – № 4. – С. 43–61.
35. Payne M. *Stalin's Railroad: Turksib and the Building of Socialism*. Pittsburgh: University of Pittsburgh Press, 2001. – 384 p.
36. Benningsen A., Broxup M. *The Islamic Threat to the Soviet State*. – London, Canberra: Croom Helm, 1983. – 170 p.

37. Carmack R. *Kazakhstan in World War II: Mobilization and Ethnicity in the Soviet Empire*. University Press of Kansas, 2019.
38. Eden J. *God Save the USSR: Soviet Muslims and the Second World War*. – Oxford: Oxford University Press, 2021. – 272 p.
39. Мұхатова О.Х. Тлеубекова Г.Б. Шетелдік тарихнамадағы кеңестік Қазақстан тарихы мәселелері // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2017. № 1 (84). – 14–20 б.
40. Муканова Р.З. Критика англо-американских буржуазных фальсификаторов по освоению целинных и залежных земель Казахстана (1954–75г. г). Дисс. к.и.н. – Алма-Ата, 1981. – 161с.
41. Pohl M. *Women and Girls in the Virgin Lands*. In *Women in the Khrushchev Era*. – Palgrave Macmillan London, 2004. – P. 52–74.
42. Kats Z. *Kazakhstan and Kazakhs* // *Handbook of Major Soviet Nationalities*. –London: Collier Macmillan, 1975. – 481 p.
43. Imart G.G. *Unique Impire* // *Central Asian Survey*. – London, 1987. – P. 18–24.
44. Rackowska-Harmston T. *Central Asian Elite Mobility and Political Change in the Soviet Union* // *Central Asian Survey*. – London, 1986. – P. 80–88.
45. Zwick P. *Ethnoregional Socio-economic Fragmentation and Soviet Budgetary Policy* // *Soviet Studies*. Glasgow. – 1979. – Vol. 31. – No. 3. – P. 380–400.
46. Алланиязов Т. Протестные движения в Средней Азии и Казахстане 1920-1930 гг. в оценках западной, советской и национальных (Россия, Казахстан, Узбекистан) историографий. Традиции и новации// *The International Newsletter of Communist Studies Online* XVI. 2010. – С. 89–96.
47. Dave Bhavna. *Kazakhstan: Ethnicity, Language and Power*. – London; New York: Routledge, 2007. xii, – 242 p.
48. Rollberg P. *Cinema of Soviet Kazakhstan 1925–1991: An Uneasy Legacy* Rowman & Littlefield, 2021. – 466 p.
49. Аблажей, Н. Н. *Казахский миграционный маятник «Казахстан – Синьцзян»: эмиграция, репатриация, интеграция* / Н. Н. Аблажей. – 2-е изд., испр. – Новосибирск : Изд-во СО РАН, 2015. – 255 с.

#### References:

1. *Ekonomicheskoe razvitie Kazahstana i kritika burzhnaznyh fal'sifikatorov* / Otv. red. Baishev S.B. – Alma-Ata: Nauka, 1978. – 160 s. [in Russian].
2. Esmagambetov K. *Qazaqtar shetel adebietinde*. – Almaty: Atamura-Qazaqstan, 1994. – 204 b.[in Kazakh].
3. Suzhikov B. M. *Ocherki zarubezhnoi istoriografii Kazahstana XIX–XX vv.* – Almaty: Ush qiya, 2019. – 324 s. [in Russian].
4. Laumullin M.T. *Alemdik orientalitakadagy Kazakhstan: Sheteldik shygystanudagy kazaktardyn tarihy, madeni zhane etnographiasyn zertteu*. – Nur-Sultan: Kazakhstan Prezindety zhanyndagy KQCZI, 2019. – 472 b. [in Kazakh].
5. Tashtemhanova R. M. *Itozia uzchenia Kazahstana v Germanii (vtoraya polovina XIX v. – 1991 g.): diss. ...d. i. n.* – Pavlodar, 2005. – 273 s. [in Russian].
6. Byrbayeva G.B. *Kontseptualaya struktura evro-amerikanskoi istoriografii istorii Kazahstana i respublik Srednei Azii sovetskogo perioda: istochniki 1960-h – nachala 1990-h gg.: avto-ref. diss. d.i.n.* Almaty 2005. – 50 s. [in Russian].
7. Shaimardanova Z.D. *Franzuzskaya istoriografia istorii XIX – nachala XXI vv.: avto-ref. diss. d.i.n.* – Almaty, 2010. – 50 s. [in Russian].

8. Kovalskaya S.I. *Anglo-amerikanskaya istoriografia sovetskogo opyta modernizatsii Kazahstana: diss. ...d.i.n.* – Astana, 2008. – 361 s. [in Russian].
9. Keep J. October in provinces // *Revolutionary Russia* / Ed. by R. Pipes. Cambridge (Mass), 1968. P. 180-223.; Pierce R. *Toward Soviet Power in Tashkent. February-October 1917* // *Canadian Slavonic Papers*. – Ottawa, 1975. Vol. XVI. No 2/3. – P. 261–269. [in English].
10. Rywkin M. *Moscow's Muslim Challenge: Soviet Central Asia*. – New York : M.E. Sharpe, 1990. – 181 p. [in English]. .
11. Seton Watson H. *Russian Emhire? 1801-1917*/ Oxford, 1967; Carrere d'Encausse H. *The fall of Tsarist Empire; Civil War and Government; The National Republics lose their Independence* // *Central Asia: a century of Russian rule*/ Ed. By E. A. Uvorth, – L., 1967. – pp. 131-253; idem *Le grand défi, Bolshéviques et nations 1917-1930*. – P., 1987; *The Anatomy of the Communist takeovers*/Ed. By T.T. Hammond. – New Haven and London, 1975. [in English].
12. Kappeler A. *Russian als Vielvolkerreich: Entstellung, Geschichte, Zerfall*. – Munchen, 1992.[in German].
13. Uyama T. *The Alash Orda's Relations with Siberia, the Urals, and Turkestan. The Kazakh National movement and the Russian imperial legacy* // *Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts*. – London - New York: Routledge, 2012. – 287 p. [in English].
14. Amanzhlova D.A. *Kazahskii avtonomizm i Rossia. Istoria dvizhenia Alash*. – M.: Rossia molodaya, 1994. – 216 s. [in Russian].
15. Kozodoi V.I. *Alihan Bukeihanov: chelovek-epoha*. – Almaty, 2021. – 312 s. [in Russian].
16. Tugai T.I. *Orenburgskii put Ahmeta Baitursunova*. Izd. 2-e, dop. – Orenburg: Universitet, 2018. – 252 s. [in Russian].
17. Saralidze L. *Mustafa Shokai i gruzinskaya politicheskaya emigratsia*// *Kazakhstanskaya intelligentsia: istoria i sovremennost: Sb. materialov mezhd. nauch. konf., posv. pamaui d.i.n. prof. K. L. Esmagambetova*. – Almaty, 2018. – S. 237–244. [in Russian].
18. *Politika turkskogo mira Sovetskogo Soyza: Sb. izbrannykh statei M. Shokaya na frantsuzskom yazyke* /Sost. A. Kara. – Stambul: Dogu kutuphanesi, 2023. – 343 s. [in Russian].
19. Cameron S. *The Kazakh Famine of 1930–33: Current Research and New Directions* // *East / West: Journal of Ukrainian studies*. – 2016. – Vol. 3. – No. 2. – P. 117–132. [in English].
20. Mathley I. M. *Agricultural development* // *Central Asia. A century of Russian rule*. 1998.; Idem. *The population and the Land* // *Ibid*. – P. 91–130. [in English].
21. Conolly V. *Beyond the Urals: Economic Development in Soviet Asia*. – London: Oxford U. P, 1967. – 420 p. [in English].
22. Olcott M.B. *Qazaqtar / Qazaq tiline audargan Z. Abdeshev*. – Astana: Shanyraq-Media, 2011. – 155 b. .[in Kazakh].
23. Conquest R. *The harvest of sorrow: Soviet collectivization and the terror-famine*. – L., 1986. p. 189-198. [in English].
24. Omarbekov T. *20-30-jyldardaǵy Qazaqstan qasireti*. – Almaty: Sanat, 1997. – 320 b. [in Kazakh].
25. Littlepage J. D. *In Search of Soviet gold*. – N.Y.,1938. –186 p. [in English].
26. Cameron S. *The Hungry Steppe: Famine, Violence and the Making of Soviet Kazakhstan*. – New York: Cornell University Press, 2018. – 292 p. [in English].
27. Tursynbayev A. *Protiv burzhuaiznoi falsifikatsii instorii Kazahstana*. – Alma-Ata: Kazgospolitizdat, 1963. – 112 s. [in Russian].
28. Krader L. *Social Organization of the Mongol-Turkic Pastoral Nomads*. – The Hague, Mouton, 1963. – 412 p. [in English].

29. Wheatcroft S. G. *The Complexity of the Kazakh Famine: Food Problems and Faulty Perceptions* // *Journal of Genocide Research*. – 2021. – Vol. 23. – № 4. – P. 593–597. [in English].
30. Norman M. Naimark. *Stalin's Genocides*. – Princeton University Press, 2010. – 163 p. [in English].
31. Kindler R. *Stalinskie kochevniki: vlast i golod v Kazakhstane*. – M.: Politicheskaya encyclopedia, 2017. – 382 s. [in Russian].
32. Pianciola N. *Collectivization Famine in Kazakhstan, 1931–1933*. // *Harvard Ukrainian Studies*. Vol. 25, No. 3/4 (Fall 2001)/ – P. 237–251. [in English].
33. Mark R. *The famine in Kazakhstan: historiographical reappraisals*. (*Die Hungersnot in Kazakhstan. Historiographische Aufarbeitung im Wandel*, in: ebd., – S. 112–130. [in English].
34. Kondrashin V. V. *Sovremennaya itoriografia goloda nachala 1930-h gg. v Rossii i Kazakhstane: obzor literatyry* // *Izvestia vyshih uchebnyh zavedenii*. – Povolzhskii region. Gumanitarnye nauki. – 2022. – № 4. – S. 43–61. [in Russian].
35. Payne M. *Stalin's Railroad: Turksib and the Building of Socialism*. Pittsburgh: University of Pittsburgh Press, 2001. – 384 p. [in English].
36. Benningsen A., Broxup M. *The Islamic Threat to the Soviet State*. – London, Canberra: Croom Helm, 1983. – 170 p. [in English].
37. Carmack R. *Kazakhstan in World War II: Mobilization and Ethnicity in the Soviet Empire*. University Press of Kansas, 2019. [in English].
38. Eden J. *God Save the USSR: Soviet Muslims and the Second World War*. – Oxford: Oxford University Press, 2021. – 272 p. [in English].
39. Myhatova O.H. Tleubekova G.B. *Sheteldik tarihnamadagy kenestik Qazaqstan tarihy мәseleleri* // *QazYU Habarshysy. Tarih seriyasy*. – 2017. № 1 (84). – 14–20 b. [in Kazakh].
40. Mukanova R.Z. *Kritika anglo-amerikanskih burzhuaznyh falsificatorov po osvoeniy tselinnyh i zaleznyh zemel Kazakhstana (1954-75 gg.)*. Diss. k.i.n. – *Алма-Ата*, 1981. – 161s. [in Russian].
41. Pohl M. *Women and Girls in the Virgin Lands*. In *Women in the Khrushchev Era*. – Palgrave Macmillan London, 2004. – P. 52–74. [in English].
42. Kats Z. *Kazakhstan and Kazakhs* // *Handbook of Major Soviet Nationalities*. – London: Collier Macmillan, 1975. – 481 p. [in English].
43. Imart G.G. *Unique Impire* // *Central Asian Survey*. – London, 1987. – P. 18–24. [in English].
44. Rackowska-Harmston T. *Central Asian Elite Mobility and Political Change in the Soviet Union* // *Central Asian Survey*. – London, 1986. – P. 80–88. [in English].
45. Zwick P. *Ethnoregional Socio-economic Fragmentation and Soviet Budgetary Policy* // *Soviet Studies*. Glasgow. – 1979. – Vol. 31. – No. 3. – P. 380–400. [in English].
46. Allaniyazov T. *Protestnye dvizheniya v Srednej Azii i Kazakhstane 1920-1930 gg. v ocnkah zapadnoj, sovetsoj i nacional'nyh (Rossiya, Kazahstan, Uzbekistan) istoriografij. Tradicii i novacii* // *The International Newsletter of Communist Studies Online XVI*. 2010. – S. 89–96. [in Russian].
47. Dave Bhavna. *Kazakhstan: Ethnicity, Language and Power*. – London; New York: Routledge, 2007. xii, – 242 p. [in English].
48. Rollberg P. *Cinema of Soviet Kazakhstan 1925–1991: An Uneasy Legacy* Rowman & Littlefield, 2021. – 466 p. [in English].
49. Ablajej N.N. *Kazahskij migracionnyj mayatnik «Kazahstan – Sin'czyan». Emigraciya. Repatriaciya. Integraciya*. 2-e izd., ispr. – Novosibirsk, 2015. – 255 s. [in Russian].